

**"Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі"
мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы**

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 232 қаулысы.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес, Әуликөл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.

2. "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) көрсетілген Ереженің заңнамада белгіленген тәртіпте әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Теменов

Әкімдіктің

ауданы әкімдігінің

2021 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 232 қаулысымен

бекітілген

**"Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі"
мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 19.05.2026 № 93 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап енгізіледі және ресми жариялануға тиіс).

1. Жалпы ережелер

1. "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі) ауыл шаруашылығы және жер қатынастары салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және қазақ тілінде өз атауы бар мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 110400, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Әуликөл ауылы, Байтұрсынов көшесі, 43.

10. Осы Ереже "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

1) ауданның азық-түлік қауіпсіздігі шараларын қамтамасыз ету;
2) ауданның аграрлық секторының тиімді және ұтымды жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

3) жер қатынастары саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу, жер қатынастарын реттеу;

4) жер заңнамасын, жерді пайдалану мен қорғауды ұйымдастыру, қолайлы экологиялық орта құру және табиғи ландшафттарды жақсарту жөніндегі аудандық өкілді және атқарушы органдардың шешімдерін орындау;

5) жер реформасын жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

6) белгіленген тәртіппен жер мониторингін, мемлекеттік жер кадастрын жүргізуді ұйымдастыру;

7) ауданның жер қатынастарының жағдайы туралы деректер банкін құру, жүргізу;

8) жерді аймақтарға бөлуді ұйымдастыру;

9) белгіленген тәртіппен жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

заңды тұлғалармен және азаматтармен шарттар жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік құқықтарды иеленуге, сотта талапкер және жауапкер болуға;

аудан бағдарламаларын іске асыруға қатысу;

бөлім құзыретіне жататын мәселелерді шешу бойынша аудан әкімінің, әкімдігінің және аудандық мәслихаттың қарауына ұсыныстар енгізу;

өз құзыреті шегінде жергілікті атқарушы органдардан және басқа да органдардан қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

заң актілерінде көзделген негіздер бойынша жер учаскелеріне меншік құқығын және жер пайдалану құқығын тоқтату туралы ұсыныстарды атқарушы органдардың қарауына енгізуге;

жергілікті атқарушы органдардың жер заңнамасына қайшы келетін шешімдерінің күшін жою туралы ұсыныстар енгізуге;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

2) міндеттер:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтау;

Президенттің, Үкіметтің және өзге де орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ облыс әкімі мен әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақытылы орындау.

15. Функциялары:

1) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқым шаруашылығы саласында бақылауды ұйымдастыру және жүргізу: тұқымдық материалдың сапасы бойынша нормативтерді әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізу, статистикалық есептілікті жасау;

2) ауыл шаруашылығы құрылымдарының инженерлік қызметтеріне әдістемелік басшылықты жүзеге асыру, техника мен технологиялық жабдықтарды сатып алудың орындылығы туралы ұсыныстар дайындау;

3) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге консультациялық көмек көрсету; ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің аурулары мен зиянкестеріне қарсы фитосанитариялық іс-шаралар жүргізу;

4) ауданның агроөнеркәсіптік кешенінің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық индикативтік жоспарларын әзірлеу және іске асыру;

5) ауыл шаруашылығы техникасын көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына дайындау бойынша мониторинг. Түгендеуді бақылау ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу; есеп беруді жүргізу және тапсыру;

6) ауыл шаруашылығы құрылымдарының егіс алқаптары, дақылдардың шығымдылығы мен жалпы алымдары туралы деректерді ұсыну мониторингін қамтамасыз етеді ауыл шаруашылығы құрылымдарының ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру технологиясын сақтау мониторингін жүргізеді;

7) өсімдік шаруашылығындағы жедел ақпарат, астық және тұқым баланстары бойынша есептерді жинауды және құрастыруды жүзеге асырады, басшылыққа және жоғары тұрған органдарға жеткізеді, дала жұмыстарының барысы туралы ақпарат жинауды, сондай-ақ 1 және 2 жартыжылдықтағы агроесептерді қабылдауды және өндеуді жүзеге асырады, оларды талдайды.;

- 8) ауданның қайта өңдеу кәсіпорындарының жұмысы туралы ақпарат береді; АШТӨ қаржы-экономикалық көрсеткіштерінің мониторингі;
- 9) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер бойынша жалақы және кредиторлық берешек бойынша жинауды және жинақтауды жүзеге асырады. тауарлар нарығының конъюнктурасын зерттеу бойынша жұмыс жүргізеді;
- 10) зоотехникалық есеп пен есептілікті жүргізуді қамтамасыз етеді;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде мал шаруашылығы және экономика саласындағы жоғары тұрған ұйымдардың нормативтік-құқықтық актілерін, қаулылары мен өкімдерін жүзеге асырады;
- 12) қаржылық қамтамасыз ету ресурстарына қажеттілікті жоспарлауды және оларды қалыптастыру көздерін айқындауды, бухгалтерлік есеп пен есептілікті жетілдіру жөніндегі жоспарларды әзірлеуді жүргізеді;
- 13) мемлекеттік қызмет көрсетеді;
- 14) жер заңнамасын қолдану практикасын қорытады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;
- 15) жер заңнамасының бұзылуын жоюға шаралар қабылдайды;
- 16) жердің бар болуы және оларды санаттар, алқаптар, жер учаскелерінің меншік иесі және жер пайдаланушылар бойынша бөлу туралы, жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылау туралы, бүлінген жерлерді қалпына келтіру, топырақтың құнарлы қабатын алу және пайдалану туралы жыл сайынғы аудандық есептер жасайды;
- 17) жер қатынастарын реттеу, жерді пайдалану және қорғау, жер реформасын жүргізу мәселелері бойынша ауданның жергілікті атқарушы органдарымен өзара іс-қимыл жасайды;
- 18) нақты жер учаскелерінің (жер пайдалану құқығының) құнын, оларды жеке меншікке сатқан, мемлекет жер пайдалануға берген кезде және оларды кепілге берген кезде анықтайды;
- 19) жер заңнамасын бұза отырып пайдаланылатын пайдаланылмайтын жерлер мен жерлерді анықтайды;
- 20) жерді пайдалану мен қорғау мәселелеріне қатысты аудандық бағдарламаларға, схемалар мен жобаларға сараптама жүргізеді;
- 21) жер реформасын жүргізу мақсатында ғылыми-зерттеу, жобалау-іздігіру жұмыстарына мемлекеттік тапсырыстарды қалыптастыруға қатысады;
- 22) жерге құқықты куәландыратын құжаттарды береді;
- 23) жер учаскелерін беру және олардың нысаналы мақсатын өзгерту бойынша ауданның жергілікті атқарушы органының ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;
- 24) жер учаскелерін сатуды (аукциондарды) ұйымдастыру;
- 25) жер-кадастрлық жоспарды бекіту;

26) ауданның (мекеменің) уәкілетті органының құзыреті шегінде аудан шегінде және оның әкімшілік бағыныстылығына берілген аумақта ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелеріне паспорттар беру;

27) заңнамамен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

28) қараусыз қалған жануарларының санын реттеу бойынша іс-шараларды жүргізу.

3. Мемлекеттік орган басшысының мәртебесі, өкілеттігі

16. "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысын Әуликөл ауданының әкімі лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

18. "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттіктері:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес меншік нысанына қарамастан мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесін білдіреді;

2) "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиісті шараларды қабылдамағаны үшін дербес жауапты болады;

4) "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді және жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына дербес жауапты болады;

5) бұйрықтар шығарады;

6) қызметтік құжаттамаға қол қояды;

7) "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін және еңбек қатынастары мәселелері оның құзыретіне жатқызылған мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін тағайындайды, босатады, тәртіптік жазаға тартады және оларға қатысты көтермелеу шараларын қолданады;

8) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шеңберінде өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

19. "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы басқарады.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

20. "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

23. "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.